

11 сабақ тапсырмалары.

№1. Квадраттың периметрі 20 сантиметрден артық, бірақ 28 сантиметрден кем. Квадраттың қабырғасының ұзындығын табыңыз.

№2. Айман 2 дәптер және 50 теңгеге бір қаламсап сатып алып, барлығына 170 теңгеден кем ақша төледі. Дәптердің бағасын бағалаңыз.

№3. Екі қаланың арақашықтығы 300 километрден кем болатын. Пойыз бір қаладан шығып, екінші қалаға қарай 3 сағ жүргенде екінші қалаға дейін 45 км қашықтық қалды. Пойыздың жылдамдығын бағалаңыз.

№4. x – тің қандай мәндерінде:

$$\frac{10-3x}{4}; \quad \frac{2x+5}{x+6} \text{ бөлшектері дұрыс бөлшек болады?}$$

№5. x – тің қандай мәндерінде:

$$\frac{3x+7}{10}; \quad \frac{7x-8}{2x+7} \text{ бөлшектері бұрыс бөлшек болады?}$$

№6.

$$1) \frac{4}{2x-9} > 0$$

$$2) \frac{-1,9}{6,3-3x} > 0$$

$$3) \frac{9}{2x-7} < 0$$

$$4) \frac{-3}{1,6x-9,6} > 0$$

№7. $\frac{1}{a}$ өрнегінің мәнін бағалаңыз:

$$1) 9 < a < 13; \quad 2) \frac{1}{10} < a < \frac{1}{8}$$

№8. Тік төртбұрыштың ұзындығы 11 см. Оның периметрі қабырғасы 8 см квадраттың периметрінен кем болуы үшін, ені неше сантиметрден кіші болуы керек?

№9. Саяхатшылар қайықпен А пунктінен В пунктіне 3 сағ 30 минуттан кем уақытта барып қайтты. Қайықтың тынық судағы жылдамдығы 5 км/сағ, ағыс жылдамдығы 2 км/сағ. А пункті мен В пунктінің арақашықтығы неше километр болуы мүмкін?

№10. Атқыш 15 рет атты. Ол әрбір атқанда нысанаға дәл тигізгені үшін 6 ұпай алатын болса, әрбір бос атқаны үшін 2 ұпайдан айырылады. Атқыш ойын соңында 34 ұпайдан артық жинауы үшін, оның нысанаға дәл тигізу санын бағалаңыз.

№11. Тік төртбұрыштың ені 5 см, оның периметрі 26 см – ден кем. Тік төртбұрыштың ұзындығын бағалаңдар.

№12. Берілген бүтін сан мен сол санның $\frac{1}{3}$ – інің қосындысы 36 – дан кем.

Берілген сан мен оның $\frac{1}{2}$ – інің айырмасы 11 – ден артық. Берілген бүтін санды бағалаңдар.

№13. Дәулет достарына беру үшін бақтан 15 – тен артық, 21 – ден кем алма теріп алды. Егер ол достарының әрқақсысына 3 алмадан берсе, оның барлық алмасы неше досына жететінін бағалаңыз.

maxmath.kz